

## Хаттама №3

### «Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ

«29» қараша 2022 жыл

2022 жыл 29 қараша күні Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектебінде тамақтандырудың сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті: 7

Қатысқаны: 6

#### Күн тәртібінде:

2022 жылдың қараша айындағы мектептегі тамақтандыру сапасына бақылау жүргізу сараптамалық тобының мектеп асханасының жұмысына жүргізген бақылауының қорытындысы туралы

#### Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша комиссия төрайымы Т. Калиева мектеп асханасындағы тамақтандырудың сапасы, асхана тазалығы, өнімдердің мерзімі қадағаланып тексерілгендігі жөнінде айтып өтті.

#### Жарыссөз:

Н. Нұртілесова (комиссия мүшесі, ДООЖО)

2022 жылдың қараша айында тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша комиссия төрайымының сөзін тыңдап отырмыз. Мектептегі 447 оқушының 237 оқушысы асханадан тамақ ішеді. Осы айда бастауышқа үш оқушы қосылды. Үнемі тамақтың дәмін, дайындалу сапасын қарап отырмыз. Тамақтардың дайындалу сапасы жақсы. Балалар тамақты жақсы ішеді. Сынамалар алынған. Тағамдар нормаға сай беріліп отыр.

А. Айтбаева (комиссия мүшесі, мектеп медбибісі)

Мектептегі ыстық тамақтың берілісіне бақылау жұмыстары жүргізілді. Балалар уақытында кестеге сәйкес тамаққа келіп отыр. Мәзірде жақсы пайдалы, дәрумені мол тағамдар бар екенін көріп таныстық. Бір мезгіл сабақ арасында ыстық тамақ ішу бала денсаулығы үшін қажет жағдай. Аспазшылар талапқа сәйкес тамақ беруде. Күнделікті және апталық ас мәзірі салыстырмалы түрде тексерілді. Асханадағы сынған ыдыстар жаңасына ауыстырылған.

#### Тамақтану сапасын бақылау сараптамалық тобының ШЕШІМІ:

1. Тамақтың дайындалу сапасына, сақталу мерзіміне, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуына қадағалау жүргізу мектеп медбибісі А. Айтбаеваға міндеттелінсін.
2. Қараша айындағы тамақтандыруға жүргізген бақылау кезіндегі байқалған кемшіліктердің орындалысын бақылау әлеуметтік педагог Г. Шайғалиеваға міндеттелінсін.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

Комиссия мүшелері:

Т. Калиева (мектеп директорының м/а)

Г. Шайғалиева (әлеуметтік педагог)

Л. Байнияз (ДООЖО)

С. Казиева (ДТІЖО)

Ш. Бисенова (ата-ана)

А. Айтбаева (мектеп медбибісі)

Н. Нұртілесова (ДООЖО)